

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ колледжі



**БЕКІТЕМІН**

Колледж директоры

Маликов Қ.Т.

2023ж.

## Педагогикалық кеңес туралы қағида Положение о педагогическом совете

№ 1 педагогикалық кеңесте  
Қарастырылды және қабылданды  
« 31 » 08 2023 ж.

Астана, 2023 ж.

Бұл қағида Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 506 Бұйрығына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабына сәйкес әзірленген

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Педагогикалық кеңес - «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ колледжі (бұдан әрі - Колледж) алқалы кеңесінің маңызды құралы және колледж қызметін басқару, оқу-тәрбие процесінің жоғары тиімділігін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау және қайта даярлау сапасын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

1.2. Педагогикалық кеңес қолданыстағы заңнамалық актілермен, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен регламенттеледі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 қазандағы бұйрығы (12.11.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулармен №643)), «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (08.01.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен), білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен, білім алушыларға білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік-құқықтық актілермен, сондай-ақ осы Ережемен.

1.3. Педагогикалық кеңесті колледж директоры басқарады. Педагогикалық кеңес құрамы колледж директорының оқу жылына арналған бұйрығымен бекітіледі.

1.4. Педагогикалық кеңестің қызметі колледж директоры бекіткен жұмыс жоспарына және колледждің сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Жұмыстың осы бағытының жұмысы туралы есеп белгіленген тәртіппен директордың қарауына ұсынылады.

## **2. Педагогикалық кеңестің міндеттері**

2. Педагогикалық кеңестің міндеттері:

1) колледждегі оқу-тәрбие процесінің жағдайын, оқытушылардың кәсіби даярлық деңгейін, білім беру ұйымдарында білім алушылардың білімділігін, тәрбиелілігін және дамуын диагностикалау;

2) колледждің дамуының, кәсіби шеберлігінің және әрбір оқытушының шығармашылығының кешенді нысаналы бағдарламаларын әзірлеу;

3) сапалы оқу-тәрбие жұмыстары үшін білім беру ұйымы ұжымының күшін біріктіру;

4) республика экономикасының даму перспективаларын, еңбек рыногының қажеттілігін ескеріп, кадрларды даярлаудың сапасын әрдайым жетілдіру үшін

жағдайлар жасау;

5) білім алушыларды тұлғалық бағытталған біліммен және тәрбиемен қамтамасыз ету;

6) колледждің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда күзиретті көзқарасты қалыптастыру;

7) оқу-тәрбие процесінің нәтижелігі мен тиімділігі мониторингінің нысандары мен әдістерін жетілдіру;

8) колледжде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы шығармашылық көзқарасты қамтамасыз ету болып табылады.

### **3. Педагогикалық кеңестің құрамы**

3.1. Колледж педагогикалық кеңесінің құрамына: колледж директоры, директордың орынбасарлары, барлық оқытушылар мен оқу-көмекші персонал, сондай-ақ ата-аналар жұртшылығының өкілдері кіреді.

3.2. Педагогикалық ұжым өкілдері жиналыста ашық дауыс беру арқылы сайланады (оқытушылар ұсынған әрбір кандидатура бойынша).

3.3. Педагогикалық кеңестің мүшелігіне ата-аналарды білім беру ұйымының ата-аналар комитеті ұсынады.

3.4. Педагогикалық кеңестің құрамы колледж директоры бұйрығымен оқу жылына бекітіледі.

3.5. Колледж директоры педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады.

3.6. Педагогикалық кеңестің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, мәжілістерде төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді.

3.7. Педагогикалық кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

### **4. Педагогикалық кеңестің құқықтары**

4.1. Педагогикалық кеңес:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шараларды;

2) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстардың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді (ақпараттық, модульді, тұлғалық бағдарланған және тағы басқалар);

3) оқу-көмекші бөлімшелердің, бөлім жұмысының жағдайын;

4) колледждің оқу-материалдық базасының дамуын жоспарлау мәселелерін;

5) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстарды жоспарлау мәселелерін;

6) басшылардың, оқытушылардың, оқу-көмекші персоналдардың біліктілігін арттыру және біліктілік арттырудың жаңа нысандарын пайдалану мәселелерін;

7) колледжде жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушыларды, оқытушылар құрамын даярлауды, жас мамандарды оқытушылық қызметке тартуды;

8) басқарушы және педагогикалық кадрларды аттестаттауға даярлаудың аттестаттау жүйесін және ұйымдастыруды жетілдіру;

9) білім алушыларды қабылдау, түлектердің оқуын аяқтауы және жұмысқа орналастыру мәселелерін;

10) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жұмыстарын (жобаларын) қорғауға даярлау және өткізу бойынша іс-шараларды;

11) білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру және өткізу мәселелерін;

12) білім алушылардың тәртібінің жай-күйін, үлгермегені үшін, жатақханадағы ішкі тәртіп және тұру ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жеке жағдайларда білім алушыларды білім беру ұйымдарына қайта қабылдау мәселелерін;

13) оқу-тәрбие процестерін компьютерлеудің жай-күйін;

14) білім алушылар контингентінің сақталуын;

15) білім алушылардың тұлғалық бағдарланған тәрбиесі мен білімінің мәселелерін;

16) республиканың еңбек рыногының талаптарына және экономиканың дамуының перспективаларына сәйкес кадрларды даярлау мәселелерін қарастырады.

4.2. Жеке жұмысшылардың біліктілігінің колледжде орындалып жатқан жұмыстарына сәйкестігі туралы мәселелер, қажетті жағдайда, педагогикалық кеңесте қарауға ұсынылады.

Педагогикалық кеңестің отырысында қызметі талқыланатын білім беру ұйымының қызметкерлері педагогикалық кеңестің отырысына қатысуға құқығы бар. Отырыстың өту күні туралы қызметкерлерге кемінде жеті күн бұрын хабарланады.

## **5. Педагогикалық кеңес жұмысын ұйымдастырудың тәртібі**

5.1. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына әзірленетін жоспар бойынша өткізіледі, педагогикалық кеңестің отырысында қаралады және колледж директоры бекітеді.

5.2. Педагогикалық кеңес колледж директоры белгілеген мерзімде екі айда бір реттен кем емес жиналады.

5.3. Педагогикалық кеңестің отырысында талқыланатын мәселелер бойынша орындау мерзімі мен орындауға жауапты тұлғалар көрсетілген шешім шығарылады.

5.4. Педагогикалық кеңестің шешімі жай дауыс берумен қабылданады және білім беру ұйымының басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді.

Педагогикалық кеңестің төрағасы қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастыруға және тексеру қорытындысын педагогикалық кеңеске талқылауға салуға тиіс.

5.5. Педагогикалық кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.

5.6. Педагогикалық кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Әрбір хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысқандардың саны, отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Талқыланатын мәселе бойынша сөйлеген сөздер мен қабылданған шешім анық және түсінікті жазылуы керек.

5.7. Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы білім беру ұйымдарының іс номенклатурасында үнемі сақталатын құжаттар болып табылады және білім беру ұйымдарының істерін қабылдау мен тапсыру кезінде акт бойынша тапсырылады.